



АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 79 (8465) Сенбі 6 тамыз 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

ӨНІМДІЛІКТІ ӨРЛЕТУ-БАСТЫ БАҒЫТ

БАЙЗАҚ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ МҰРАТХАН ЖҮНІСӘЛІҰЛЫ ШҮКЕЕВТІҢ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ АЛДЫНДА ӨЗІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ НҮРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВ «ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҢАЛЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ» АТТЫ Жолдауында қазіргі таңда әлемдік ахуалдың күрделі кезеңмен ұштасып отырғанын, бүгінгі ахуал - біздің жетістіктерімізді сынға салып, елдігімізді шыңдай түсетін кез» екенін атап өткен болатын.

Осындай аса жауапты сәтте ауданда қол жеткізген жетістіктеріміз сараланып, даму жолымыздың бағыттары белгіленді. 2016 жылдың алты айында ел игілігі үшін біршама жұмыстар атқарылды.

Бюджет

2016 жылғы қаңтар-маусым айларындағы аудан бюджетінің орындалуы кірістер бойынша жоспарда 4798559,1 мың теңге болса, 4863180,6 мың теңге сомасында, яғни 101,3%-ға қамтамасыз етілді.

Аудан бюджетінің шығындары бойынша жоспарда 4923980,2 мың теңге болса, 4864201,7 мың теңге немесе 98,8% қаржы игерілді. Игерілмегені 59778,5 мың теңге. Оның ішінде: жергілікті бюджет қаражаттарының игерілмегені – 6057,6 мың теңге. Жоғары тұрған бюджеттер есебінен игерілмегені – 53720,9 мың теңге.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер еңбекақысының деңгейін арттыруға республикалық бюджет есебінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерден 2521,8 мың теңге игерілмеді, себебі ауылдық округтерде еңбек демалысы графиктерінен алшақтау болды.

Агрөнеркәсіптік кешеннің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін



ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерден 360,0 мың теңге игерілмеді, себебі екі лауазым бос болуынан үнемделді.

«Жұмыспен қамту-2020» жол картасының іс-шараларын жүзеге асыруға берілген қаржыдан 78,3 мың теңге игерілмеді. Халықты жұмыспен қамту орталығының аппаратын ұстауға арналған трансферттен 496,7 мың теңге игерілмеді.

Ауданның бюджетіне «Өрлеу» жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерден 259,1 мың теңге қаржы игерілмеді.

Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолата ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдерден 319,9 мың теңге игерілмеді.

Спорт мектептерін ұстаудан 506,8

мың теңге игерілмеді, себебі сатып алу жеңімпаздары анықталмады.

«Нұрлы жол» бағдарламасына Ұлттық қор есебінен бөлінген қаржыдан Сарыкемер ауылының оңтүстік батыс бөлігіндегі 34 га тұрғын алқабын электрмен қамтамасыз ету нысанынан 49000 мың теңге игерілмеді, қаржылық бақылау органдардың камеральды бақылау нәтижесі бойынша 10.06.2016 жылы заң бұзушылықтарды жою туралы хабарлама берілген.

Салық

2016 жылдың 6 айына бекітілген мемлекеттік бюджеттің болжам сомасы 712,5 млн.теңге болса, нақты түскені 932,4 млн.теңге, орындалуы 116,8 %.

Республикалық бюджет бойынша болжам сома 93,9 млн.теңге болса, нақты түскені 107,8 млн.теңге. Орындалуы 114,7 %.

Облыстық бюджет бойынша болжам сома 248,1 млн.теңге болса, нақты түскені 302,3 млн.теңге. Орындалуы 121,9 %.

Аудандық бюджет бойынша болжам сома 370,3 млн.теңге болса, нақты түскені 422,2 млн.теңге, немесе орындалуы 114,0%.

2016 жылдың 1 мамыр айына аудан халқының саны 99 827 құрап, 2015 жылмен салыстырғанда 967 адамға өсті.

Байзақ ауданы бойынша өнеркәсіп кәсіпорындарымен қаңтар-маусым айларында 919,2 млн. теңгенің өнімі өндірілді. 2015 жылдың тиісті кезеңімен

салыстырғанда нақты көлем индексі 84,1 % құрап, 15,9 %-ға кеміген.

Оның негізгі себептері төмендегідей:

- «Тараз-Құбыр-Зауыты» ЖШС нысаны ретінде Тараз қаласына ауысып, Ресей кәсіпкерлеріне сатылғанына байланысты.

- Өңдеу өнеркәсібі өнімдері көлемінің төмендеуіне байланысты («Рола-7» ЖШС, жеке кәсіпкерлер «Есенбаев М», «Лесняк» өнім көлемін төмендеткен).

Ауыл шаруашылығы саласы

Аудандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2016 жылдың қаңтар-маусым айларында 5 млрд. 226 млн. теңгені, немесе 2015 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 99,2 % құрап отыр.

Оның себебі:

«Жамбыл Құс» ЖШС жастарының ұлғайған тауықтарды союға беруіне байланысты құс санының төмендеп кетуіне себеп болған. Бүгінгі күнге ЖШС-не 54,5 мың бас балапан сатып алынды.

2016 жылдың қаңтар-маусым айларында шаруашылықтың барлық санаттарында

- 4921,2 тонна ет өндіріліп, 2015 жылдың тиісті кезеңіне 100,3%-ды;

- 14,5 мың тонна сүт өндіріліп– 102,3% құрады;

- жұмыртқа – 18,1 млн. дана немесе 67,9%.

2016 жылдың 1 шілдесіне:

- мүйізді ірі қара саны 36258 бас болып - 0,1 %;

- ешкі 26600 бас - 1,3 %;

- жылқы саны 10546 бас - 1,3 %;

- құс саны 284,6 мың бас - 8,2 %;

- қой 224,1 мың бас - 100,0 %;

- шошқа саны 1425 басты құрап, 100 % артқан.

Ал түйе саны 848 басты құрап, 0,2 % кеміген.

(Жалғасы 2-бетте).

«АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ»

ЖОБАСЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ АӘК ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ КӨЛЕМІН АРТТЫРУ ҮШІН ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ БОЙЫНША ШАРАЛАРДЫ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРУ БОЙЫНША ӨТКЕН ЖИЫНДЫ АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Д. СҰЛТАНБЕКОВ АШЫП, ЖҮРГІЗІП ОТЫРДЫ.

Жиында алғашқы сөзді алған «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Ж. Омаров Жамбыл облысы бойынша сүт өнімдерін өндіру, соның ішінде Байзақ ауданында «Лесняк» және «Ағали» шаруа қожалығында өндірілетін сүт өнімдеріне тоқтала келе, «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасының тиімділігін әңгімеледі. Жоба аясында, ауыл тұрғындарына 6 млн. теңгеге дейін төмендетілген мөлшерлемен шағын несиесі 4,5 жылға берілетіндігін, аталмыш пилоттық жоба Оңтүстік Қазақстан өңірінде 2014 жылдан бері іске асырылып келе жатқандығын, жоба негізінен-шағын сүт қабылдау пункттерін, шағын мал бордақылау алаңдарын және шағын сүт тауарлы фермаларын ашам деген жұмыссыз азаматтарға берілетін несиесі

шарттары мен кепілге ұсынатын мүліктер турасында кеңінен ақпарат берді.

Аталмыш басқарманың Жамбыл облыстық филиалының директоры Ү. Оразымбетов, Жамбыл облысы әкімдігі ауыл шаруашылығы

қолдау түрлері, «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасы аясында мал шаруашылығын дамыту жолдарын айтып берді.

Жиында партия ұсынған «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасы-жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға



басқармасы басшысының орынбасары Е. Анабековтер тұрақты жұмыс орындарын ашуға, жеке қосалқы шаруашылықтар негізінде отбасылық бизнесті дамытуға бағытталған бұл жоба «Жұмыспен қамту- 2020» бағдарламасы арқылы іске асырылатындығын жеткізді. Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары С. Сейтбеков болса ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін шағын несиесімен қамтудың механизмдері мен мемлекеттік

мүмкіндік беретін, әрі ауылдық жерде жеке қосалқы шаруашылық негізінде ұсақ тауарлық өндірісті дамытуға бағытталған жобаның маңыздылығы кеңінен айтылды. Сондай-ақ несиесі алуға ниет білдірген азаматтар сұрақтарын қойып тиісті жауаптарын алды.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары Д. Сұлтанбеков қорытып, партиялық бағдарлама аясындағы атқарылатын жоба жайлы түсіндірме жүргізіп, мағлұмат берген қонақтарға алғысын білдірді.

Өз тілшіміз.

Тұрақты комиссияда: жастар мәселесі сөз болды

Аудандық мәслихаттың «Білім, тілдерді дамыту, мәдениет, ұлттық және азаматтық келісім, жастар ісі және спорт мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның мәжілісінде Сарыкемер, Бәйтерек, Түймекент ауылдық округтерінде ҚР мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыру мақсатында атқарушы органдардың атқарған жұмыстары сөз болды. Жиында аталмыш комиссияның мүшесі А.Исабаев ашып, жүргізіп отырды.

Сарыкемер ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі нұсқаушысы А.Құрманалиев округтегі жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында атқарылған жұмыстардың алты айлық есебін берді.

Асет Құрманалиев өз сөзінде елімізде Елбасының қолдауымен жастар саясатына ерекше көңіл бөлініп отырғандығын айтып, сарыкемерлік жастардың бос уақыттарын тиімді пайдалану және дарынды жастарды қолдау мақсатында түрлі мәдени, спорттық, патриоттық іс-шаралар өткізіліп тұратындығын мәлімдеді. Сонымен қатар ауылдық округтегі жас кәсіпкерлерге де кең қолдау бар екендігін, алда мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мақсатында жоспарлы жұмыстар атқарыла беретіндігін атап өтті.

Мұнан соң Түймекент ауылдық округі «Жастар ресурстық орталығы» ҚММ-нің нұсқаушысы Ж.Айтуғанов аталмыш елдімекендегі жастар саясатының іске асырылуы туралы айтып өтті.

Жангелді Айтуғанов аймақтағы жастарды қоғамдық саяси өмірге белсене тартуда, жас азаматтарды жұмыспен қамтып, орналастыруға және оларға психологиялық көмек көрсетуде, кәсіпке баулып, патриоттық тәрбие беруде белсенді жұмыс атқарылып жатқанын ауызға алып, еліміздің дамып, өркендей түсуінде жастарды аябай еңбек етуге шақырды.

Өз тілшіміз.

ӨНІМДІЛІКТІ ӨРПЕТУ-БАСТЫ БАҒЫТ

БАЙЗАҚ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ МҰРАТХАН ЖҮНІСӘЛІҰЛЫ ШҮКЕЕВТИҢ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ АЛДЫНДА ӨЗІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

АӨК дамыту бағдарламаларының орындалуы

«Сыбаға» бағдарламасы

Бүгінгі күнге «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 8 шаруа қожалық жалпы сомасы 107,520 млн. теңге несие алу үшін құжаттарын дайындап өткізіп, оның **6 шаруа қожалығы 53,520 млн. теңге несие алып, 294 бас МІҚ малын сатып алды.**

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша МІҚ малын сатып алу жоспары 470 бас, бүгінгі күнге өтінім берген жалпы 8 шаруашылықтардың алғаны мен мақұлданған өтінімдерін қоса есептегенде алынатыны **344 бас, орындалуы 73,2 пайыз.**

«Құлан» бағдарламасы

Бүгінгі күнге «Құлан» бағдарламасы бойынша **6 шаруа қожалық жалпы сомасы 26,37 млн. теңге несие** алу үшін құжаттарын дайындап өткізіп, оның **6 шаруа қожалығы 18,9 млн. теңге несие** алып, **72 бас жылқы малын сатып алды.**

«Құлан» бағдарламасы бойынша жылқы малын сатып алу жоспары 280 бас, бүгінгі күнге өтінім берген жалпы 6 шаруашылықтардың алғаны мен мақұлданған өтінімдерін қоса есептегенде алынатыны 214 бас, **орындалуы 76,4 пайыз.**

«Алтын асық» бағдарламасы

Бүгінгі күнге «Алтын асық» бағдарламасы бойынша **11 шаруа қожалық жалпы сомасы 59,077 млн. теңге несие** алу үшін құжаттарын дайындап өткізіп, оның **8 шаруа қожалығы 49,776 млн. теңге несие** алып **2041 бас қой** сатып алды.

«Алтын асық» бағдарламасы бойынша қой сатып алу жоспары 2557 бас, бүгінгі күнге өтінім берген жалпы 11 шаруашылықтардың алғаны мен мақұлданған өтінімдерін қоса есептегенде алынатыны 2557 бас, **орындалуы 100 пайыз.**

«Ырыс» бағдарламасы

«Ырыс» бағдарламасы бойынша Қостөбе ауылдық округіндегі М.Хизатов шаруа қожалығы 50 бас сауын сиыр алу үшін құжаттарын дайындауда.

«Жайылмдарды суландыру» бағдарламасы

«Жайылмдарды суландыру» бағдарламасы бойынша құдық және скважина қазу жоспары 4 дана болса, оны 2 данасы қазылды, орындалуы 50,0 пайыз.

Ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу

2016 жылдың 6 айында аудан бойынша **8 шаруа қожалық жалпы сомасы 149,8 млн. теңгеге 20 дана** әртүрлі ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алды.

Инвестициялық субсидия

Инвестициялық субсидияға жалпы сомасы **207 млн.теңгеге 28 жоба** өткізілді. Оның ішінде **7 жоба 16,3 млн.теңгесін** алды.

Көкөніс сақтау қоймалары

Аудан бойынша сыйымдылығы **1300 тонна** құрайтын **4 көкөніс сақтайтын** қойма бар.

Ағымдағы жылы «База Сервис» ЖШС-і жалпы сыйымдылығы **10000 тонналық** көкөніс сақтайтын қойманың құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр.

Кепілді дизель отыны

2016 жылдың өнімі үшін егілетін ауыл шаруашылығы дақылдарына **1260 тонна дизель отыны бөлініп**, бүгінгі күнге **7 шаруа қожалығы 47 тонна** алды.

Минералды тыңайтқыш сатып алу

2016 жылы **101 шаруа қожалық жалпы 2832 тонна** тыңайтқышқа (*1753,7 тонна аммиакты селитра, 1078,3 тонна аммофос*) сураныс беріп, алуда.

Тамшылатып суару технологиясы

2015 жылы 702,5 гектар алқапқа тамшылатып суару технологиясы енгізіліп, **барлығы 354,84 млн. теңге** инвестиция тартылды.

2016 жылы бұл технологияны пайдалану ауқымын ұлғайту жұмыстары атқарылуда. Бүгінгі күні оның көлемі **802,5 га** жеткізілді. Атап айтқанда:

- «Байжанова Н.» шаруа қожалығы - 15 гектар алқапқа;
- «Ақжол-7» шаруа қожалығы 25 гектар алқапқа;
- «Шарипов» шаруа қожалығы 10 гектар алқапқа пияз;
- «Талап» шаруа қожалығы былтырғы тамшылатып суарған алқаптарына қосымша 50 гектар қосып қант қызылшасын екті.

Ветеринария

Аудан аумағындағы жұқпалы індетке қарсы егу, диагностикалық тексерулерге, эпизоотиялық профилактикалық іс-шараларды жүргізуге жұқпалы ауруларының профилактикасы мен диагностикасына бөлінген **83 млн. теңгенің** бүгінгі күнге Байзақ ауданы әкімдігінің «ветеринариялық қызметі» шаруашылық жүргізуші құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны арқылы **41 790 000 теңгесі** игерілген:

туберкулезге жоспар бойынша 31250 бас мал тексерілді (*600 бас түйе, 30000 бас мүйізді ірі қара, 650 бас жылқы*).

Аусылға қарсы жоспар бойынша 192900 мал егілді (*1650 бас шошқа, 146250 бас*

уақ мал, 45000 бас мүйізді ірі қара).

Сібір жарасына қарсы жоспар бойынша **173195 мал** егілді (*26800 бас мүйізді ірі қара малы, 137 142 бас уақ мал, 7428 бас жылқы, түйе 325 бас, 1500 бас шошқа*).

Лабораториялық тексеруден сарып ауруына жоспар бойынша **118 413 бас мал 100 % тексерілді.** (*18573 бас мүйізді ірі қара малы, 800 бас шошқа, 72 бас жылқы, 485 бас ит, қой-ешкі 98483 бас*).

Оның ішінде сарып ауруына **оң нәтиже көрсеткен 299 мал** (*37 бас мүйізді ірі 262 бас уақ мал*) санитариялық талаптарға сай сойылды. Сәуір-мамыр айларында сойылған **129 бас қой** ешкілердің егелеріне малдың өтемақысы **1522787** теңге төленді.

Аудандық бюджеттен **қаңғыбас ит-мысықтарды аулап жоюға 1,5 млн.** теңге қаржы бөлінді. Қазіргі таңда **1039** ит және **1** мысық ауланып жойылып, **1 млн.** теңге игерілді.

Аудан көлеміндегі **9 сібір жарасы көмінділерінің топографиялық координаттары анықталып**, жердің мемлекеттік актісін алуға құжаттар дайындалуда.

Шағын және орта кәсіпкерлік

2016 жылдың қаңтар-маусым айларында ауданда **шағын және орта кәсіпкерлік** мәртебесімен **4 805 субъекті** тіркелген, олардың **4 489-ы** немесе **93,4 %** жұмыс істейді.

Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің шағын кәсіпкерлік **занды тұлға ретінде** тіркелгені **233**, оның жұмыс істейтіні **97** (*оның ішінде белсендісі 47 немесе 48,4 пайызы*).

Шаруа қожалықтарының тіркелгені **2 773**, оның жұмыс істейтіні **2678** немесе **96,5 пайызы**.

Жеке кәсіпкерліктің тіркелгені **1806**, оның жұмыс істейтіні **1752** немесе **97,0 пайызы**.

Орта кәсіпкерлік заңды тұлғалардың тіркелгені **3**, оның 2-і жұмыс істейді.

Аудан бойынша шағын және орта кәсіпкерлік нысандарында **7828** адам **жұмыспен қамтылған**, ол 2015 жылмен салыстырғанда **10,0 % өсіп отыр**.

2016 жылдың қаңтар-маусым айларында **бөлшек сауда айналымының көлемі 847,3 млн.** теңгені құрап, 2015 жылмен салыстырғанда **97,2%-ды құрап отыр** (*облыс бойынша 99,6%*).

2016 жылдың қаңтар-мамыр айларында **көтерме сауда айналымының көлемі 691,8 млн.** теңгені құрап, 2015 жылмен салыстырғанда **92,1%-ды құраған** (*облыс бойынша 75,8%*).

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі **2016 жылдың қаңтар-маусым айларында 5130,0 млн.** теңгені немесе 2015 жылдың тиісті кезеңіне **85,0 пайызды** құрайды.

2016 жылдың қаңтар-маусым айларында **құрылыс жұмыстарының** көлемі, қосымша бағалау есебімен, **907,6 млн. теңгені** немесе 2015 жылдың тиісті кезеңінен **51,8 пайызды құраған**.

Осы соңғы екі көрсеткіштің төмен болу себебі, «Батыс Қытай - Батыс Еуропа» делізі бойынша негізгі жұмыстардың аяқталуына байланысты құрылыс көлемінің азаюы және өткен жылы құрылысы жүргізілген «Азиялық газ құбыры» құрылысының аяқталуы салдарынан болып отыр.

2016 жылдың 6 айында **тұрғын үй құрылысы** көлемі жалпы ауданы - 8106 шаршы метрді құраған, бұл өткен жылдың 2015 алты айымен салыстырғанда 103,0 пайыз.

Аудан орталығы Сарыкемер ауылының оңтүстік батыс бөлігіндегі 34 га тұрғын алқабын **электрмен қамтамасыз ету бөлінген 106 082,0 мың теңгеге** және осы алқапқа **тас жол жабындысы көшелерінің құрылысына бөлінген 927603,0 мың теңге** облыстық құрылыс басқармасы арқылы сатып алу конкурстары өтуде.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы

Аудандағы өңірлерді дамыту мақсатында тиісті бағдарлама бойынша **2016 жылы 90,1 млн. теңге** қарастырылып, жұмыстар атқарылуда, оның ішінде:

- елді мекендерді жарықтандыруға 5,4 млн.теңге;
- жолдарын ағымдағы және орта жөндеуге жұмыстарына 74,0 млн. теңге;
- білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге 11,0 млн. теңге.

Еңбек нарығы

2016 жылдың 1-ші қаңтарына **есепте тұрған жұмыссыздар саны - 117 адам**. Жұмыс іздеуші ретінде «Жұмыспен қамту-орталығы» арқылы – **1093 адам** тіркелініп, 814 адам жұмыспен қамтылды (**74,4%**).

Оның ішінде:

- аудан мекемелерінде ашылған жаңа және бос жұмыс орындарына 614 адам;
- жастар практикасына 105 адам;
- әлеуметтік жұмыс орнына 95 орналастырылды.

Қоғамдық жұмысқа 310 адамды қамту жоспарланса, 224 адам қамтылып, жоспар **72,2 %** орындалды.

Жұмыспен қамту жол картасы бағдарламасы аясында **30 адам микронесие алған**.

Аумақтық даму бағдарламасы бойынша

2016 жылға жоспарланған **95 жаңа жұмыс** орындарының **76 жаңа жұмыс орындары** ашылды (**80 %**).

Ағымдағы жылы **40 мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмысқа қамту жоспары бекітілген**. Жұмыссыз ретінде **24 мүмкіндігі шектеулі азаматтар** есепке тіркеліп жұмысқа қамтылды.

Жәрдемақы

2016 жылдың 6 айында **2,8 млн.** теңге - атаулы әлеуметтік көмекке, **64,0 млн.** теңге - 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақысына төленді.

Аудан бойынша кедейшілік шегінен **төмен 278 адамы бар 44 отбасы** тұрады, бұл аудан халқының **0,3 %** құрайды.

Жұмыспен қамту

2016 жылы «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы», «Өңірлерді дамыту» бағдарламаларына қатысушылар саны жоспар бойынша **1997 адам** болса, жыл басынан қамтылғаны **1093 адам** немесе **54,7 %** құрайды.

Бірінші бағыт бойынша: «Инфрақұрылымды және тұрғын үй коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету» аясында 4 нысанға 405,4 млн.теңгеге 68 жұмыс орны қарастырылған. Орындалуы **100 %**.

Екінші бағыт: «кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру» бойынша 0,9 млн.теңгеге 21 адам кәсіпкерлік негіздеріне оқуға жолдау жоспарлануда. Қайтарылған қаражат есебінен 3 адам 9 млн.теңгеге, 27 адам 68,6 млн.теңгеге, жалпы **30 адам 77,6 млн. теңгеге** несиелерін алып, 65 жаңа жұмыс орындарын ашты.

Үшінші бағыт: «Жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесудің» бірінші құрамдас бөлігі және өңірлерді дамыту бағдарламалары бойынша:

- **әлеуметтік жұмыс орындарына** жоспар бойынша **90 адамның** 95 адамы қамтылды.

- **жастар практикасына** жоспар бойынша **158 адамның** 105 адамы жұмысқа жолданды.

- **ақылы қоғамдық жұмыс орындарына** жоспар бойынша **310 адамның** қамтылғаны 224 адам.

- **тұрақты жұмыс орындарына** жоспарланған **1125 адамның 512-і** жұмыспен қамтылды.

Автомобиль жолдары

Байзақ ауданы бойынша республикалық маңызы бар автомобиль жолдары **70 шақырым**, облыстық маңызы бары **120,75 шақырым**, аудандық маңызы бары **121,32 шақырым**.

Аудан бойынша **121,32 шақырым**, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының **90,3 шақырым** жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. (**74,4 %**).

2016 жылы аудандық мәндегі автомобиль жолдарының **10 жолдың 15,9 шқ.** орта жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін облыстық бюджеттен жалпы **214,3 млн. теңге** қаралған. 10 жолдың 8-нің орта жөндеу жұмыстары аяқталды.

Жөнделетін 15,9 шқ. жолдың аудандық мәндегісі **8,3 шқ.** Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін аудандық мәндегі автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағысы **98,6 шқ. (81,2 %)** болады деп жоспарлануда.

Аудандық бюджеттен автомобиль жолдарын ағымды жөндеу жұмыстарына **23 млн. теңге** бөлініп, **5 елді мекеннің 5 жолының 29,1 шқ.** жалпы **3500 м²** ойық жамау және **1 жолдың 1,1 шқ. 6700 м²** шағал тас төсеу жұмыстары жүргізілді. Жөндеу жұмыстары аяқталды.

Аудан бойынша 4 ауылдық округте жалпы 40 жол белгілерімен мүгедектерге арналған сілтеуіштер орнатылды. (*Сарыкемер ауылында 28 дана, Ботамойнақ ауылдық округі, Байзақ ауылында 5 дана, Бурыл ауылында 7 дана*).

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 78 жол белгілері орнатылды.

Аудандық мәндегі автомобиль жолдарының жол жиегін жырты жұмыстарына 500,0 мың теңге бөлініп 55 шқ. жол жиегі жыртылды.

3,0 млн. теңге облыстық мәндегі жолдарды және 1,0 млн. теңгеге аудандық мәндегі жолдарды қыс мезгілінде күтіп-ұстау жұмыстары атқарылды.

Денсаулық сақтау саласы

Байзақ ауданы бойынша 43 денсаулық сақтау нысандары халыққа қызмет көрсетеді.

2015 жылы **1024 бала өмірге** келсе, 2016 жылы **1085 бала туылды**. Немесе **туу көрсеткіші 105,9% құрап, 61 балаға өсіп отыр**.

2016 жылы 1 жасқа дейінгі 9 баланың өліміне жол берілген, 2015 жылы 1 жасқа дейінгі шетінеген балалар саны 13 болған, яғни есепті жылда 4 оқиғаға кеміп отыр.

Денсаулық сақтау мекемелерінің құрылысы мен жөндеу жұмыстары Бурыл ауылында **165 316,0** мың теңгеге 40 орынға арналған ауылдық емхана құрылысы жүргізілуде. (*мердігер «Қаратау Құрылыс - 2030» ЖШС-і, тапсырыс беруші Жамбыл облысы*

әкімдігінің құрылыс жолғаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы). Құрылыс жұмыстарының аяқталуы мерзімі ағымдағы жылдың қазан айы.

Аудандық орталық аурухананың жансақтау бөлімшесіне және аурухананың 1 – ші қабатына іріктеліп жөндеу жұмыстарына жалпы **29240,0 мың** теңге бөлінген (*республикалық бюджеттен 329 000 теңге, облыстық бюджеттен 28911,0 мың теңге*). Мердігер «Фрайзер Строй Проект» ЖШС-і. Аяқталу мерзімі 2016 жылдың тамыз айы.

Білім беру саласы

Мектепке дейінгі тәрбие

Аудандағы **30** балабақша мен 6 шағын орталықта **3 582** бала тәрбиеленуде. Мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылғандар үлесі **1-6 жас** аралығында -**60,9% ды** (*облыста-50,8%*), **3-6 жас** аралығында -**87,4% ды** құрап отыр (*облыста-70,7%*).

2014 жылы мемлекеттік- жекеменшік әріптестік негізінде 75 орындық «Еңлік» жекеменшік балабақшасы ашылса, 2016 жылғы сәуір айында Мырзатай ауылынан 25 орындық «Ерсан-Жәнай» жекеменшік балабақшасы ашылды. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында аталған балабақшаны 50 орынға арттыру жоспарлануда.

Орта білім

Аудан бойынша 44 күндізгі жалпы орта білім беретін мектепте (*оның ішінде: 8 – бастауыш, 3-негізгі мектеп, 33 - орта мектептер*) **16543 оқушы** білім алды.

Шағын жинақталған мектептер - 17 (39%). Онда **1571 оқушы** - білім алды. «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша салынып жатқан **Үйімекент ауылындағы 300 орындық орта мектебінің құрылысына республикалық бюджеттен 704 млн. 990 мың теңге** бөлінген, бүгінгі күнге 623 млн. теңгесі немесе 88,4% игерілді.

Биылғы жылы аудандағы **3 орта мектеп «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасының** 1-ші бағыты бойынша **343,2 млн. теңгеге** күрделі жөндеуден өткізілуде (*Үлгілі орта мектебіне 83,1 млн. теңгеге, Н.Кіикбаев атындағы орта мектебіне 131,5 млн.теңгеге, Қазақстанның 40 жылдығы атындағы орта мектебіне 128,6 млн.теңгеге*).

ҰБТ

Аудан бойынша **ҰБТ орташа балл 75,56-ы** құрады, ол өткен жылмен салыстырғанда **10,29-ға төмендеді** (*2015 жыл -85,85*). **«Алтын белгіге»** ұсынылған 15 үміткердің 46,7%-ы (*7 оқушы*) өз білімдерін дәлелдеді (*өткен жылы 91,66%-ы (11 оқушы)*).

Үздік аттестатқа ұсынылған 5 оқушының 2-і дәлелдеді.

Жазғы демалыс, сауықтыру

Биылғы жылы аудан мектептерінде 1-10 сыныптарда оқитын 16575 оқушыны жазғы сауықтыру, демалыс шараларымен толық қамтылды.

Ағымдағы жылы 300 бала қала сыртындағы лагерлерде демалды. **Осы мақсатқа 6 млн. теңге** бөлінді.

Спорт саласы

Ауданда 1 стадион, 54 футбол, 66 спорт алаңдары, 30 спорт залдары жұмыс істеп тұр.

Ауданда күнделікті спортпен шұғылданушылар саны 23 514 адам, бұл аудан халқының 25,0 %-ын құрайды.

АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ-ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай облыс әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тілге құрмет-әрбір азаматқа міндет» тақырыбындағы көшпелі семинар сәрсенбі күні әкімдіктің мәжілістер залында өтті.

Алқалы жиынды аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев ашып, келген қонақтармен таныстырған соң сөз Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ғ.Боранбаеваға берілді.

Алдымен Ғалия Бектенқызы семинардың басты мақсатына тоқталды.

«Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі-ана тілімізді дамыту, оның қолданыс аясын кеңейту. Кез келген халықтың мәдениеті, саясаты, тағдыры мен болашағы оның тіліне тікелей байланысты. Тіл саясаты-ол егеменді еліміздің берік арқауы, әрі саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ететін ықпалды күш.

Мемлекеттік тіл болып табылатын қазақ тілі – мемлекеттің барлық аумағында қоғамдық қатынастардың



барлық салаларында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс жүргізу тіліне айналды. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны, еліміздің ең маңызды жетістіктерінің бірі.

Қоғамдық сананы қалыптастыратын

қозғаушы күштің бірі көрнекі ақпараттар екендігі белгілі. Бүгінгі таңда сыртқы көрнекі ақпарат мәтіндерінің қате жазылуы, мемлекеттік тілдегі көрнекі ақпараттардың жүйелі сипат алмауы қоғамда жиі сыңға ұшырап, халық наразылығын тудырады.

Көшелердегі көрнекі ақпарат құралдарындағы жазулар мен мекеме маңдайшалары да елді мекеннің келбетіне үлкен үлес қосары сөзсіз.

Сыртқы көрнекі ақпарат кез келген өңірдің сауаттылық бет-бейнесін айқындап, сол өңір халқының мемлекеттік тілге, тіл саясатына деген құрметін білдіретіні анық. Бұл ретте жазулардың сауатты әдемі, айшықты жазылуымен қатар тілдік ереже талаптарына сай қолданылуы да маңызды, дей отырып, баяндамашы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның орындалуын жүзеге асыру, тіл сауаттылығын мен мәртебесін арттыру, тіл мәдениетін қалыптастыру, сыртқы көрнекі ақпараттарды заңнама талаптарына сәйкестендіру жұмыстарын реттеу, жүйелеудің маңызын баса айтты.

Бұдан соң ономастикалық жұмыс бөлімінің басшысы С. Төрегелдиев «Мемлекеттік мекеме маңдайшалары мен көше аншлаптарын әзірлеу

және орналастыру тәртібі» жөнінде баяндама жасады. Жіберілген кемшіліктер жан-жақты айтылып, дұрыс жазылу үлгілері слайд арқылы көрсетілді. «Іс қағаздары рәсімдеу тәртібін» баяндаған тілдерді оқыту орталығының аға әдіскері А. Абдрахманова болса мемлекеттік қызметшілерге іс қағаздарды дұрыс рәсімдеуді ұйымдастыру, оларды түрлеріне қарай топтастыру, құжаттардың құрамы, жіктелуі, құжат деректемелерінің орналасу тәртібі мен жазылу стилін, ресми құжаттардың ерекшеліктері және құжат рәсімдеу ескерілетін қағидаларға жеке-жеке тоқталды.

Семинарда Суханбаев, Дихан, Үлгілі, Бурыл ауылдық округтердің әкімдері М. Өзбеков, Д. Мәдешов, Е. Әліқұлов аншлаптарды орналастыру тәртібі жайында сұрап, нақты жауаптар алды.

Семинарды аудан әкімінің орынбасары С. Кенжебаев қорытты.

Өз тілшіміз.

КЕҢІНЕН АҚПАРАТ БЕРІЛУДЕ



3 тамыз күні Ботамойнақ ауылдық округінде өткен жиын «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасының мақсатын түсіндіруге арналды.

Жиынды аталмыш округтің әкімі Е. Зәуірбеков ашып, жүргізіп отырды.

Тұрғындар алдында сөз сөйлеген «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы төрағасының орынбасары Ш. Байтақова жұмыссыздарды жұмыспен қамту мақсатында қолға алынған «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасының маңызын, «Нұр Отан» партиясы бас болған аталмыш жоба-қарапайым ауыл азаматтарының төмен пайызбен несие алып, өз кәсібін ашуына мүмкіндік беретіндігін айтты. «Жұмыспен қамту орталығының» маманы Б. Сыздықов болса «Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы» шеңберінде берілетін 3 миллион теңге мен аталмыш жоба бойынша берілетін 6 миллион несиеің шарттары мен кепілге қойылатын мүліктер жөнінде кеңінен ақпарат берді.

Жиында «Құлан ауыл шаруашылық» колледжінің оқытушылары М. Атаев, С. Сатимбеков және Г. Ибраевалар аталмыш білім ордасында жаңадан ашылған мамандық туралы сөз қозғап, талапкерлерді оқуға шақырып, әр мамандық бойынша мағлұмат берді.

Күн тәртібінде көтерілген мәселе бойынша сұрақтар қойылып, оларға тиісті жауаптар қайтарылды.

Осындай кездесулер барлық ауылдық округтерде өтуде.

Өз тілшіміз.

Тұрғын үй мәселесі – басты назарда

АТА-БАБА АРМАН ЕТКЕН ЕГЕМЕНДІКТІ ЕНШІЛЕГЕННЕН КЕЙІН, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕРБЕС МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСЫП, ДАМУ БАРЫСЫНДА ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨМІРІНДЕГІ ЕЛЕУЛІ ӨЗГЕРІСТЕР - ХАЛЫҚТЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІН ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСARTYҒA ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҮЙ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА СЕБЕПШІ БОЛДЫ. ЖАЛПЫ ХАЛЫҚТЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ ТАНЫЛЫП ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ОНЫ ТОЛЫҚ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ БОЛЫП ОТЫР.

СОНДЫҚТАН ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫРТЫЛУЫ: «ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫНА ҚАРАЙ 20 ҚАДАМ» АТТЫ ЕҢБЕГІНДЕ ҮЙДІҢ, ПӘТЕРДІҢ ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮШІН БІРІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫНЫН АЙРЫҚША АТАП КӨРСЕТКЕН БОЛАТЫН. ҚҰЖАТТА ЕЛБАСЫ: «ТҰРҒЫН ҮЙ, ҮЙ, ПӘТЕР – ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮШІН БІРІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ МӘСЕЛЕ, МҮНБІН ӨЗІ ЖЕКЕ БАСТЫҢ ӨМІРІ МЕН ОТБАСЫНДАҒЫ ЖАҚСЫ АУАНЫҢ СЕНІМДІ НЕГІЗІ, БҰЛАРСЫЗ ӘЛ-АУҚАТ ПЕН ӨНІМДІ ЕҢБЕККЕ АТЫМЕН ҚОЛ ЖЕТПЕЙДІ» ДЕДІ. СОНДЫҚТАН ДА ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ҮНЕМІ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСКЕН ЕМЕС.

Аудан бойынша 2016 жылы пайдалануға қабылданатын тұрғын үйлер тұрғындардың өздерінің қаржыларына тұрғызылуы жоспарланған. Аудан әкімдігі сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің сектор меңгерушісі Мейірбек Болатбековтың айтуынша ауданымызда мемлекет қаржысы есебінен тұрғын үй құрылысы салынып жатқан жоқ екен.

Ал, үстіміздегі жылдың І-ші жартыжылдығында жалпы ауданы – 8113 шаршы метр, тұрғын ауданы - 5760 шаршы метр, металық құны - 219051,0 мың теңге болатын 80 жеке тұрғын үй пайдалануға берілген.

«Елді мемлекет қаржысы есебінен тұрғын үймен қамтамасыз етіп жатпағанымызбен, аудан бойынша жеке тұрғын үй құрылысына жер телімдері бөлініп, кезекке сай берілу үстінде. Айталық, 2005-2016 жылдар аралығында жер телімдерін алуға 7717 өтінім келіп түссе, оның 2804-і жас отбасылары, 360-ы мемлекеттік орган, ал 987-сі мемлекеттік мекеме, әлеуметтік сала қызметкерлеріне тиесілі болатын. Міне солардың ішінде 578 жас отбасы, 427 мемлекеттік орган қызметкерлері және 586 мемлекеттік мекеме, 1805 жер учаскесі басқаларға, яғни әр салада жұмыс істейтін азаматтарға берілген. Ал, үстіміздегі жылы аудан бойынша тұрғын үй құрылысын салуға 135 учаске берілді» - деді М.Болатбеков.

